

ОӘЖ 336.1

## **ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСARTУ ЖАҒДАЙЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

**Амангельды Асыл**

[Amangeldi\\_assyl@mail.ru](mailto:Amangeldi_assyl@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының  
2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ә. Ерсұлтанқызы

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекет демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік және де оның басты құндылығы адам, адам өмірі, құқығы мен бостандығы деп мәлімдейді [1]. Осыны негізге ала отырып, мемлекеттің әлеуметтік саясаттың негізгі міндеті мен тиімділік көрсеткіші халықтың өмір сапасының ұдайы артуы болып табылады. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері қазақстандықтардың өмір сүру сапасы саласында үлкен өзгерістер орын алды. Сондай-ақ, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін және оның барлық мемлекеттік құрылымдары мен халықтың әлеуметтік қажеттіліктермен қамсыздандыру жүйесі де құрдымға кете бастады. Қазақстандық тұрғындар өмір сүру сапасын сипаттайтын көптеген әлеуметтік кепілдіктерінен айрылды. Халық ескі экономиканың ыдырауына, табыстың бір мезетте төмендеуі сәйкестігіне, жұмыссыздыққа, қылмыстың жоғары деңгейіне және т. б. сияқты қиын қыстауға тап болды.

Қазіргі заманғы мемлекетті дамытудың дәйегі халықтың өмір сүру сапасының өсуі мен деңгейі болып табылады. Мемлекеттің азаматтарға қанағаттанарлық өмір сүру сапасы мен деңгейін қамтамасыз ету қабілетсіздігі "білімдарлардың елден кетуі" нысанында теріс көші-қон балансын қалыптастырады. Бұл процесс еңбек ресурстарының сапасына теріс әсер етіп, экономикалық өсімнің баяулау нүктесі болуы мүмкін.

Қазақстанда өмір сүру сапасын сипаттайтын осы ұстанымдарды қарай отырып, қауіпсіздік көрсеткіш деңгейі сияқты мүмкіншілікті жіберіп алмау керек. Кеңестік білім

беру жүйесінің құлауы сәтінде Қазақстанда халықты біліммен қамту шамамен 95% құрады және бұл көрсеткіш бойынша еліміз әлемнің дамыған мемлекеттерімен қатар болған. Алайда тәуелсіздік басында жүйені толық қаржыландырмау кезеңінен кейін, 2000-жылдардың басынан білім беру жүйесіне мемлекет тарапынан бөлінетін шығыстар жыл сайын арта түсті. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінің негізгі міндеті білім беру сапасын арттыру болып табылатын және осы міндетті шешу тәсілдерінің бірі әлемдік стандарттарға, оның ішінде 12-сыныптық оқу жүйесіне көшу болып табылады [2].

Өмір сапасын бағалаудың объективті тобында ресми статистиканың негізінде өмір сапасын интегралды бағалау ерекшеленеді. Мысалы, профессор С.А. Айвазян басшылығымен Ресей ғылым академиясының Орталық экономика-математикалық институтының мамандары әзірлеген өмір сапасы интегралды индикаторы (ӨСИИ), ресми мемлекеттік статистикалық деректер негізінде бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді

Көрсеткіштер бес интегралды топқа бөлінеді.

– халықтың сапасы, оған өмір сүру ұзақтығы, білім деңгейі, білітілігі, туу және өлім-жітім, неке қию және т.б.;

– халықтың әл-ауқаты, оған өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштері және олардың материалдық, рухани қажеттіліктерінің қанағаттану дәрежесі (нақты табыстар, олардың саралануы, игіліктер мен көрсетілген қызметтерді пайдалану деңгейі, қоғамды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету деңгейі және т.б.);

– әлеуметтік қауіпсіздік (әлеуметтік саланың сапасы), еңбек жағдайының деңгейін, әлеуметтік қауіпсіздік, қоғам мүшесінің физикалық және мүліктік қауіпсіздігі, қоғамның өзінің әлеуметтік-саяси денсаулығы және т.б.;

– қоршаған ортаның сапасы, әуе кеңістігі, су, топырақ сапасы, биологиялық әр алауандылық деңгейі ластануы туралы деректер;

– табиғи-климаттық жағдай, табиғи-шикізат ресурстарының құрамы мен көлемін, климатты, форс-мажорлық жағдайлардың жиілігі мен ерекшелігін сипаттайды.

Атап айтқанда, С.А. Айвазян өмір сапасын өлшеу формалды әдісінің тиісті статистикалық көрсеткіштер базасы арқылы адамзат қоғамының дамуы жөнінде стратегиялық мақсаттарды анықтауға болады, осы көрсеткіш бойынша уақыт пен кеңістікте қоғамның түрлі ұяшықтырн салыстыру, қоғамның әл-ауқатының мақсатты критерилерін оңтайландыру, олардың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық – экологиялық оңтайлы жолын анықтауға мүмкіндік береді деп ерекше атап көрсетті [3].

Қазақстан Республикасында халықтың өмір сүру сапасын бағалау мақсатында, оның ішінде ҚР Президентінің Жолдауымен қабылданған "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты" стратегиясын іске асыру мақсатында мемлекеттік даму бағдарламасын егжей-тегжейлі қарастыру қажет (өңірлік дамуы, әлеуметтік, тұрғын үй-коммуналдық сала қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігі, көліктік инфрақұрылым, қоғамдық қауіпсіздік, экологиялық жағдай, демократиялық даму, саяси тұрақтылық, бос уақыт пен демалыс ұйымдастыру, туристік саланы дамыту және т. б.).

«Маслоу пирамидасына» сәйкес Айвазян ӨСИИ бес топ көрсеткіштің орнына үш топ көрсеткіштерін қолдануға болады: физикалық қажеттілік көрсеткіштері, әлеуметтік қажеттілік көрсеткіштері және рухани қажеттілік көрсеткіштері. Қазақстан аймақтарының өмір сүру сапасын интегралды бағалауды әзірлеу қадам сайын орын алады:

1. Салыстыру үшін базаны таңдау

2. Статистикалық көрсеткіштер есептерін іріктеу, олардың базасында интегралдық бағалау құрылуы қажет.

3. Өмір сапасының жиынтық сипаттамасына интеграция жеке бөлек сипаттамасын тәсілін таңдау( моделдің түрі, оның тұрақты параметрлері).

1 кезең. Интегралды бағалаудың ерекшелігі олардың мәнін дұрыс қабылдау үшін оны тиісті бағалаулар мен деректерді салыстыру болып табылады. Сондықтан облыстар мен Астана және Алматы қалалары деңгейінде елдің барлық аймақтары бойынша деректер таңдалды.

2 кезең. Статистикалық көрсеткіштердің арасында белгілі бір өзара байланысты сипаттайтын көптеген параметрлер бар. Статистикалық деректерді таңдау барысында корреляцияның өзара жоғарғы дәрежесі жоқ статистикалық көрсеткіштер алынған. Статистикалық көрсеткіштерді таңдау мынадай принциптар бойынша жүзеге асты:

- көрсеткіштерге енгізілетін іріктеудің мазмұны мен мағынасы шешілетін міндеттің мақсатына сәйкес келуі керек;

- статистикалық көрсеткіштерді іріктеу жеткілікті болуы қажет және онда өмір сапасының аса маңызды аспектілерін сипаттайтын көрсеткіштер болуы тиіс;

- өмір сүру жағдайын тікелей сипаттайтын статистикалық есепті көрсеткіштері жоқ болған жағдайда, бір адамға ықпал ететін осы жағдайларды жанама бағалауға болатын ұқсас көрсеткіштерді қосуға болады;

- егер, өмір сүру сапасын бағалау белгілі бір нақты жылға жүргізілсе онда көрсеткіштердің құрамына өткен кезеңдердің тиімділігін көрсететін ұқсас-көрсеткіштер кірмеуі қажет.

3 кезең. Өмір сүру сапасын зерттеушілер интегралды көрсеткішті құру жөнінде түрлі ұсыныстарын талқылауда, сонымен қатар құрамы мен саны көрсеткіші бойынша айыратын әр түрлі моделдік тәсілдерді пайдалануда. Мысалы, қарапайым модель барлық құрамдас бөліктері бойынша баллдардың қосындылауна саяды. Күрделі модельдер адам үшін маңызды өмір сапасы сипаттамаларының әр түрлерін ескеретін өлшенген қосындылауды қалайды [4].

Жоғарыда келтірілген көрсеткіштер тобы деректерді эксперттік бағалау мақсатында Қазақстан аймақтарында өмір сүру сапасын сараптамалық бағалауды қажет етеді, оның негізінде рейтингті анықтауға болады. Аймақтардың өмір сүру сапасының интегралдық көрсеткіштерді синтездеу үшін статистикалық талдаудың параметрлік емес әдістерін қолдануды ұсынамыз. Параметрлік емес әдістерді қолдану бастапқы ақпаратты «тарылуы» арқылы матрица көлемінің бастапқы деректерін төмендету болып табылады.

Осылайша, өмір сүру сапасының даму дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштер мен олардың Қазақстанда қолдану деңгейін белгілейтін мемлекеттік бағдарламалары мен стратегияларының жоспарланған нәтижелері аясында мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялар ұсынылады. Оларға жатады:

1. ҚР Президентінің жолдауы "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты";

2. 2015 – 2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама;

3. "Қолжетімді тұрғын үй – 2020" бағдарламасы;

4. 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамыту мен интеграциялау мемлекеттік бағдарламасы;

5. 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;

6. 2012-2020 жылдарға арналған моноқалаларды дамыту бағдарламасы;

7. 2013-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі бағдарламасы;

8. 2016-2020 жылдарға арналған "Денсаулық" атты Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;

9. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы.

Осылайша, шешуші қадам деңгейін анықтау және халықтың өмір сүру сапасы мемлекеттік бағдарламалар және стратегияларда қолданылатын міндеттерді іске асыруда айқындалған. Қазақстан үшін тиімді мемлекеттік қызмет пен басқару құрылымын құруға стратегиялық міндет қойылған болатын. Оның негізгі міндеті өмір сүру сапасы мен арттыру деңгейі, сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу болуы тиіс. Тиімді үкімет өз назарын шектеулі басым қаулыларының дамуына және осы мақсаттарға жетудің стратегияларын жүзеге асыруға негіздейтінін атап өткен жөн. Қолданыстағы даму

бағдарламаларында айқындалған міндеттері іске асыру өмір сүру сапасын анықтаудың түрлі тәсілдері мен анықтамалары бар екендігін көрсетті. Статистикалық көрсеткіштер жүйесі мен мемлекеттік даму бағдарламалары мониторингін ескере отырып Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру сапасын өлшеу индикаторларының жүйеленген тізбесі қалыптастырылды. Қазақстандағы тұрмыс сапасын өлшеу үшін, біз өзекті индикаторлардың жүйеленген тізбесі негізінде интегралды бағалауды қолдануды ұсынамыз.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2. Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрон. ресурс] / Қол жеткізу режимі: <http://www.akorda.kz>

3. С.А. Айвазян Ресей мемлекеттер арасында халықтың өмір сапасын синтетикалық санаттарын талдау. Бөлім I. Талдаудың әдістемесі және оны қолдану мысалы// Мир России. 2011. Т. X. № 4. С. 59–96

4. Программа развития ООН: индекс человеческого развития в странах мира в 2015г. Гуманитарно-технологическая парадигма. – доступ: <http://gtmarket.ru/news/2015/12/16/7285>